

Веренка ЖНББМ 4 сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие

жұмысының жылдық есебі 2022-2023 оқу жылы

Осы оқу жылында 4 сыныпта 6 оқушы бар. Сыныпта - 2 ер бала, 4 қызбала. Алғашқы қоңырау соғылды. Содан соң оқушылар алғашқы тәрбие сағатына жол тартты. 1 қыркүйек- білім күні «Білімге құштарлық, еңбек сүйгіштік және отаншылдық». Талап: білімге, жананы тануға құштар болу. Ұлттық мәдениетті дәріптеу. Білім күнін осы тақырыпта сынып сағаттар мен салтанатты жиын өтті.

Токсан басында сыныптың ата-аналар жиналысы, жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы болып өтті. Оқушылар мектеп формасын, тазалықты сақтап жүреді. Апта сайын оқушылардың күнделігі, үлгерімі, тәртібі, тазалығы қаралып, тексеріледі. Ата-аналарымен кездесіп, оқушылар туралы мәліметтер беріледі. Ата-аналар жиналыстарға үнемі қатысып, өз пікірлерін, көз қарастарын білдіріп отырады.

1 қазан-қарттар күні «Қарттарым асыл қазынам» атты тәрбие сағатын және де «Ұшқып ой мен шешен тіл», «Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы», «Кітап-досым, ақылшым», «Теңге-тәуелсіздік символы», «Ынтымағы жарасқан қазақ елі» атты тәрбие сағаттары өткізілді. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күнге орай «Асқақтайбер, тәуелсіз, егеменді елдігім!» атты тәрбие сағаты өтті.

22 наурыз күні «Наурыз-құт, береке, молшылық!» атты сыныптан тыс мерекелік іс-шара өтті. Ұлттық ойындар ойнатылды, сұлу қыздарымыздың мың бұралған билерін, әндерін тамашаладық. Сонымен қатар «Мен ғарышкер боламын», «Білімді ұрпақ-біздің келешегіміз», «Халықтар достығы-бірлікте», «Жеңіс күні» атты тәрбие сағаттары өтті.

Жазғы демалыста өмір қауіпсіздігі және түнгі уақытта ата-анасыз жүруге болмайтындығы айтылып, ата-аналардан сенімхат алынды. Жиналыста «Табиғат-туып өскен тал бесігім», «Денсаулығыңды ойласаң, ауырмайтын жол ізде», «Зиянды әдеттен аулақ бол» атты шағын тәрбие сағаттары өткізілді. Ата-аналармен жұмыс ватсап желісі және ұялы телефон арқылы үздіксіз жүріп отырды.

Сынып жетекшісі:  Нурсултанова А.Ш